



БЕКІТЕМІН

ЖШС "Диана 2019"

балабақшасының меңгерушісі:

Аметова К.Н.

1. «ДИАНА 2019» ЖШС БАЛАБАҚШАСЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

1.2. «Диана 2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі балабақшасы (бұдан әрі – **Балабақша**) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту қызметін жүзеге асыратын білім беру ұйымы болып табылады.

1.3. Балабақшаның толық атауы:

қазақ тілінде: «**Диана 2019**» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі балабақшасы;

қысқаша атауы: «**Диана 2019**» ЖШС балабақшасы.

1.4. Балабақшаның заңды мекенжайы: **Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Наурызбай батыр 68 көшесі**

1.5. Балабақшаның БСН:190640001195

1.6. Балабақша жеке меншік нысанындағы білім беру ұйымы болып табылады.

1.7. Балабақша өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, құрылтай құжаттарына және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

1.8. Балабақша заңнамада белгіленген тәртіппен заңды тұлға мәртебесіне ие болады, өз мүлкі, дербес балансы, банктік шоттары, мөрі, бланкілері және өз атауы көрсетілген басқа да реквизиттері болуы мүмкін.

2. БАЛАБАҚШАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Балабақшаның негізгі мақсаты – тәрбиеленушілерге сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жағдайын жасау, олардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету және мектепке дайындау.

2.2. Балабақшаның негізгі міндеттері:

1. тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалдық және коммуникативтік дамуын қамтамасыз ету;
2. балалардың жеке қабілеттері мен қызығушылықтарын дамыту;
3. тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту;
4. қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру;
5. тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктерін ескеру;
6. ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасау;
7. инклюзивті білім беру қағидаттарын іске асыру;
8. психикалық дамуы тежелген (ЗПР) және сөйлеу тілінің дамуы тежелген (ЗРР) балаларға түзету-дамыту және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;
9. ата-аналармен немесе заңды өкілдермен педагогикалық ынтымақтастықты қамтамасыз ету;
10. балаларды мектепте оқуға психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан дайындау.

3. БАЛАБАҚШАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ

3.1. Балабақша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру бағдарламаларын Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік талаптарына сәйкес іске асырады.

3.2. Білім беру процесі тәрбиеленушілердің жас, жеке және психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылады.

3.3. Балабақшада қазақ тілінде тәрбие және оқыту жүзеге асырылады.

3.4. Балабақшада мынадай жас топтары ұйымдастырылуы мүмкін:

- 2–3 жас;
- 3–4 жас;
- 4–5 жас;
- 5–6 жас;
- 6–7 жас;
- 7–8 жас.

3.5. Топтардың нақты саны мен құрамы Балабақшаның мүмкіндіктеріне, тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне және қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес белгіленеді.

3.6. Білім беру процесі ойын, ұйымдастырылған іс-әрекет, жеке және топтық жұмыс, практикалық әрекет, шығармашылық жұмыстар және баланың дамуына бағытталған басқа да әдістер арқылы ұйымдастырылады.

4. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ

4.1. Балабақша ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер үшін білім алуға, тәрбиеленуге және дамуға тең мүмкіндік жасауға бағытталған инклюзивті білім беру қағидаттарын іске асырады.

4.2. Инклюзивті білім беру кезінде баланың жеке ерекшеліктері, даму деңгейі, мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріледі.

4.3. Балабақшада психикалық дамуы тежелген (ЗПР) және сөйлеу тілінің дамуы тежелген (ЗРР) тәрбиеленушілермен жұмыс жүргізіледі.

4.4. ЗПР және ЗРР бар тәрбиеленушілерге:

- психологиялық-педагогикалық қолдау;
- түзету-дамыту жұмыстары;
- жеке және топтық сабақтар;
- сөйлеу тілін дамыту жұмыстары;
- танымдық процестерді дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру;
- ата-аналарға консультациялық көмек көрсетіледі.

4.5. Түзету-дамыту жұмыстары тәрбиеленушінің жеке қажеттіліктері мен даму динамикасына сәйкес ұйымдастырылады.

4.6. Қажет болған жағдайда тәрбиеленуші үшін жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламасы әзірленеді.

5. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ

5.1. Балабақшада ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық қолдау жүзеге асырылады.

5.2. Психологиялық-педагогикалық қолдауды педагог-психолог, дефектолог, тәрбиеші және басқа да педагогтер өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

5.3. Педагог-психолог:

- тәрбиеленушілердің психологиялық ерекшеліктерін зерделейді;
- психологиялық диагностика жүргізеді;
- жеке және топтық түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастырады;

- балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуына ықпал етеді;
- ата-аналарға психологиялық консультация береді;
- педагогтерге психологиялық-педагогикалық ұсынымдар береді.

5.4. Дефектолог:

- баланың танымдық және даму ерекшеліктерін зерделейді;
- түзету-дамыту сабақтарын жүргізеді;
- жеке даму ерекшеліктеріне сәйкес тапсырмалар әзірлейді;
- ЗПР бар балалардың танымдық, зияткерлік және оқу әрекетінің алғышарттарын дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізеді;
- ата-аналар мен педагогтерге ұсынымдар береді.

5.5. Педагогтер мен мамандар тәрбиеленушінің ата-анасымен немесе заңды өкілімен өзара ынтымақтастықта жұмыс істейді.

6. ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ БІЛІМ, БІЛІК ЖӘНЕ DAҒДЫЛАРЫН AҒЫMДАҒЫ БАҚЫЛАУ

6.1. Тәрбиеленушілердің білім, білік және дағдыларын ағымдағы бақылау олардың жеке даму динамикасын анықтау мақсатында жүзеге асырылады.

6.2. Ағымдағы бақылау мынадай нысандарда жүргізіледі:

35. күнделікті педагогикалық бақылау;
36. ұйымдастырылған іс-әрекет барысында бақылау;
37. ойын және практикалық тапсырмалар;
38. диагностикалық тапсырмалар;
39. баланың жеке жетістіктерін бақылау;
40. жеке даму нәтижелерін талдау;
41. педагогтер мен мамандардың бақылау нәтижелерін талқылауы.

6.3. Ағымдағы бақылау кезінде тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері және жеке мүмкіндіктері ескеріледі.

6.4. ЗПР және ЗРР бар тәрбиеленушілердің нәтижелері олардың бастапқы даму деңгейімен салыстырылып, жеке даму динамикасы негізінде бағаланады.

6.5. Тәрбиеленушілердің нәтижелері бір-бірімен салыстырылмайды.

7. APALЫҚ BAҒAЛAУ

7.1. Аралық бағалау тәрбиеленушінің оқу жылы ішіндегі даму динамикасын және білім беру бағдарламасының күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін анықтау мақсатында жүргізіледі.

7.2. Аралық бағалау:

- педагогикалық бақылау;
- диагностикалық жұмыстар;
- жеке жетістіктерді талдау;
- жеке даму картасы;
- педагогтер мен мамандардың қорытындылары

негізінде жүзеге асырылады.

7.3. Аралық бағалау нәтижелері тиісті педагогикалық құжаттарда белгіленеді.

7.4. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың аралық нәтижелері олардың жеке мүмкіндіктерін және даму қарқынын ескере отырып анықталады.

8. ҚОРЫТЫНДЫ БАҒАЛАУ

8.1. Қорытынды бағалау оқу жылының соңында тәрбиеленушінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасының күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін және жеке даму динамикасын анықтау мақсатында жүргізіледі.

8.2. Қорытынды бағалау педагогикалық бақылау, диагностикалық материалдар, жеке жетістіктерді талдау және мамандардың қорытындылары негізінде жүзеге асырылады.

8.3. Балабақша тәрбиеленушілеріне мектептегі үлгерімді бағалау тәртібі бойынша тоқсандық, жартыжылдық немесе цифрлық бағалар қойылмайды.

8.4. Қорытынды бағалау нәтижесінде баланың даму динамикасы мен қол жеткізген нәтижелері айқындалады.

8.5. ЗПР және ЗРР бар тәрбиеленушілердің нәтижелері олардың жеке даму ерекшеліктері мен түзету-дамыту жұмыстарының нәтижелілігін ескере отырып анықталады.

9. БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІН РӘСІМДЕУ

9.1. Тәрбиеленушілердің даму нәтижелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген педагогикалық құжаттарда тіркеледі.

9.2. Бағалау және диагностика нәтижелері тәрбиеленушінің ата-анасына немесе заңды өкіліне түсінікті нысанда жеткізіледі.

9.3. Ата-ана немесе заңды өкіл баланың даму нәтижелерімен танысуға және оны одан әрі дамыту жөніндегі ұсынымдарды алуға құқылы.

10. АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТТЕР

10.1. Балабақша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ақылы қызметтер көрсетуге құқылы.

10.2. Балабақшаның ақылы қызметтерінің тізбесіне:

- 47. қосымша дамыту сабақтары;
- 48. логопедиялық сабақтар;
- 49. дефектологиялық түзету-дамыту сабақтары;
- 50. психологиялық консультациялар;
- 51. шығармашылық үйірмелер;
- 52. спорттық және сауықтыру бағытындағы қосымша сабақтар;
- 53. танымдық және дамыту сабақтары;
- 54. балалардың жеке қабілеттерін дамытуға арналған сабақтар;
- 55. ата-аналарға психологиялық-педагогикалық консультациялар;
- 56. заңнамада тыйым салынбаған өзге де қосымша қызметтер

енгізілуі мүмкін.

10.3. Ақылы қызметтер ата-ананың немесе заңды өкілдің келісімімен көрсетіледі.

10.4. Ақылы қызмет көрсету ата-ана немесе заңды өкіл мен Балабақша арасында жасалған шарт негізінде жүзеге асырылады.

10.5. Шартта қызметтің атауы, көлемі, мерзімі, құны, төлем жасау тәртібі, тараптардың құқықтары мен міндеттері көрсетіледі.

10.6. Ақылы қызметтердің құны Балабақшаның ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгіленеді.

10.7. Ақылы қызметтер тәрбиеленушінің негізгі білім алу құқығын шектемеуге тиіс.

11. ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

11.1. Тәрбиеленушілер:

- 57. қауіпсіз және қолайлы ортада тәрбиеленуге және білім алуға;

58. өзінің жеке ерекшеліктеріне сәйкес білім алуға;
59. инклюзивті білім беру жағдайында қажетті қолдау алуға;
60. психологиялық-педагогикалық және түзету-дамыту көмек алуға;
61. өзінің ар-намысы мен қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
62. зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінен қорғалуға;
63. денсаулығын қорғауға;
64. шығармашылық және жеке қабілеттерін дамытуға құқылы.

12. АТА-АНАЛАРДЫҢ НЕМЕСЕ ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

12.1. Ата-аналар немесе заңды өкілдер:

65. баланың білім алу және даму жағдайлары туралы ақпарат алуға;
66. баланың даму нәтижелерімен танысуға;
67. педагогтерден және мамандардан консультация алуға;
68. баланы психологиялық-педагогикалық қолдау жөніндегі ұсынымдар алуға;
69. Балабақшаның ішкі тәртібімен танысуға;
70. заңнамада көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

12.2. Ата-аналар немесе заңды өкілдер:

71. осы Жарғының және Балабақшаның ішкі тәртіп ережелерінің талаптарын сақтауға;
72. баланың Балабақшаға қатысуын қамтамасыз етуге;
73. Балабақшамен жасалған шарт талаптарын орындауға;
74. баланың денсаулығы мен даму ерекшеліктері туралы қажетті ақпаратты педагогтерге хабарлауға;
75. Балабақшаның мүлкіне ұқыпты қарауға міндетті.

13. ПЕДАГОГТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ

13.1. Балабақша педагогтері білім беру, тәрбиелеу, дамыту және түзету-дамыту жұмыстарын өздерінің кәсіби құзыреті шегінде жүзеге асырады.

13.2. Педагогтер:

- тәрбиеленушілердің құқықтарын сақтауға;
- балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
- жеке және жас ерекшеліктерін ескеруге;
- инклюзивті орта қалыптастыруға;
- ата-аналармен ынтымақтастықта жұмыс істеуге;
- балалардың даму нәтижелерін бақылауға;
- қажет болған жағдайда мамандармен бірлесіп түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға міндетті.

14. БАЛАБАҚШАНЫ БАСҚАРУ

14.1. Балабақшаны басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына және құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

14.2. Балабақшаның басшысы – директор.

14.3. Директор Балабақшаның күнделікті қызметін ұйымдастырады және оның қызметінің заңнама талаптарына сәйкестігіне жауап береді.

14.4. Директор:

83. Балабақшаның қызметін ұйымдастырады;
84. қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
85. бұйрықтар шығарады;
86. тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеді;
87. білім беру процесінің сапасын бақылауды ұйымдастырады;
88. қауіпсіздік талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді;
89. ата-аналармен және заңды өкілдермен өзара іс-қимылды ұйымдастырады;
90. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

15. БАЛАБАҚШАНЫҢ МҮЛКІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛУЫ

15.1. Балабақшаның мүлкі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қалыптастырылады.

15.2. Балабақшаның қызметі:

- құрылтайшының қаражаты;
- ата-аналардың немесе заңды өкілдердің төлемдері;
- ақылы қызметтерден түсетін қаражат;
- заңнамада тыйым салынбаған өзге де қаражат көздері

есебінен қаржыландырылуы мүмкін.

15.3. Балабақша өзіне тиесілі мүлікті заңнамада белгіленген тәртіппен пайдаланады.

16. БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАУ

16.1. Балабақша тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді.

16.2. Балабақшада санитариялық-эпидемиологиялық, өрт қауіпсіздігі және басқа да қауіпсіздік талаптары сақталады.

16.3. Балалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайлардың алдын алу бойынша қажетті шаралар қабылданады.

17. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР

17.1. Балабақша тәрбиеленушілердің, ата-аналардың және қызметкерлердің дербес деректерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғайды.

17.2. Баланың денсаулығы, психологиялық жағдайы және даму ерекшеліктері туралы мәліметтер құпия болып табылады.

17.3. Мұндай ақпаратты үшінші тұлғаларға беру Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, тиісті келісімсіз жүзеге асырылмайды.

18. ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

18.1. Балабақшаны қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына және құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

18.2. Балабақша таратылған кезде оның құжаттары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сақтауға беріледі.

19. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

19.1. Осы Жарғыда реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

19.2. Осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасында және құрылтай құжаттарында белгіленген тәртіппен енгізіледі.

19.3. Осы Жарғының талаптары Балабақшаның барлық қызметкерлері, тәрбиеленушілердің ата-аналары немесе заңды өкілдері үшін міндетті болып табылады.

19.4. Осы Жарғы мемлекеттік және қазақ тілінде ресімделеді.

ДЕРЕКТЕМЕЛЕР

Ұйымның атауы:

«Диана 2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі балабақшасы

БСН: 190640001195

Заңды мекенжайы: Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы,

Наурызбай батыр 68 көшесі

Телефон: 8747 926 52 63

Электрондық пошта: Karlygash.ametova@mail.ru

Директор: Аметова Қарлығаш Нұржанқызы

Қолы:

Мөрі:

